

"Феникс" альманахын шығару туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 8 шілде 1994 ж. N 766. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 27 шілдедегі N 781 қаулысымен

Неміс диаспорасының этникалық тұрғыдан қайта өрлеуінің кешенді бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Баспа және бұқаралық ақпарат министрлігінің "Феникс" альманахына қосар құрылтайшы болу жөніндегі ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі "Феникс" альманахын қаржыландырудың жолын анықтасын.

3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Көлік және коммуникация министрлігі, "Қазконтракт" республикалық контракт корпорациясы", Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті "Феникс" альманахына автокөлік, мекен-жай бөлу, материалдық-техникалық тұрғыдан қамтамасыз ету, байланыс құралдарын орнату және альманахты тарату мәселелерін шешсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі